



«Бекітемін»

«Ер Тостық» балабақшасы
менгерушісі

Н.Е.Балкибекова

Ғажайып Жаңа жыл

Мектепалды «Бәйшешек» тобы

Тәрбиеші: Д. Тулепбаева

Саз жетекшісі: А. Марағым

Кентау – 2024г

«Ғажайып, Жаңа жыл!»

Мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.

1.Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар, қонақтар, біздің кішкентай бүлдіршіндер, міне тағы да жаңа жылды қарсы алуға жиналды. Өткен жыл біз үшін еліміз үшін өте жақсы жыл болды. Балапандарымыз жасына жас қосып, тағы да бір жасқа үлкейді. Келе жатқан жаңа жылымыз бәріміз үшін құтты жыл, жемісті жыл болсын! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

2.Тәрбиеші:

Уа, халайық жараңдар,

Айналаға қараңдар!

Жаңа жылдық бұл тойды,

Салтанатқа санаңдар

Қызық көріп шат болып,

Мәз боп күліп тараңдар.

Құрметті ата-аналар және балабақша ұжымы! Сәлеметсіздер ме балалар! Бүгінгі «Ғажайып Жаңа жыл!» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Балаларымыздың әсем де сұлу шыршамызға арналған әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Шырша жыры»

Тәрбиеші: Балаларымыздың Жаңа жыл мерекесіне арналған тақпақтарын тыңдай отырыңыздар.

Арсен:

Әдемілеп біз ілген,

Ойыншықтар тізілген.

Қандай сұлу шыршамыз,

Ән шырқайық баршамыз.

Олжас:

Жаңа жыл, жаңа жыл.

Жаңа жылда жаңа жыр.

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр.

Алдияр:

Сақалы аппақ күмістей

Тістері аппақ күріштей

Нұр жайнаған ажары

Сағындық аяз атаны.

Арыстан:

Қыстың күні көңілді

Көп қызықты көреміз

Шығып алып далаға

Сырғанақты тебеміз.

Раяна:

Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Ұлпан:

Дала нұр, қала нұр,
Құтты болсын Жаңа жыл.
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр.

Әлия:

Жасыл желек жамылған
Асыл моншақ тағынған
Міне сұлу шыршамыз
Көптен күтіп сағынған.

Шыңғыс:

Даламызға, қаламызға
Жаңа жыл келіп кіреді
Қартыңызға, жалпыңызға
Жалынды сәлем береді.

Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар ендігі кезекте біздің ұл-қыздарымыздың биін тамашалаңыздар!

Би: «Маскарад биі»

(Көңілді әуен ойнайды. Аққала келеді, шанасымен үлкен қапшық алып шығады.)

Тәрбиеші: Балалар, біздің мерекеге кім келді? Сендер оны таныдыңдар ма? Кім бұл?

Балалар: Аққала

Тәрбиеші: Аққала өзінің қабымен не алып келе жатыр екен?

Тәрбиеші: Балалар, мен сендерге Аяз ата мен Ашақардың сыйлығын алып келдім.

(Аққала қапшығын ашады, сол кезде «жалмауыз кемпірдің шығуы» музыкасы ойнайды. Қапшықтан Жалмауыз кемпір шығады. Ол шығып алып өзінің сыпырғысымен шыршаны айналып жүгіріп. Балаларды түртеді)

Жалмауыз кемпір:

Қалай? Таныдыңдар ма мені?

Мен қандай әдемі, әрі ақылдымын,

Қазір мен сендерге мереке жасаймын,

Бәріңді үй—үйлеріңе қуалаймын.

Тәрбиеші: Тоқтай тұр, сен мұнда қайдан келдің?

Жалмауыз кемпір: Мен Аққаланы алдап соқтым. Сыйлықтарды жасырып қойдым да, ал өзім әуеп деп қапшыққа тығылдым. Сендердің мерекелеріңді өткізбеймін, бұзамын. Менсіз көңіл көтердіңдер, ал қазір менімен қалай көңіл көтеретіндеріңді көрейін.

(Сиқырлы әуен ойнайды да, залға Ханишайым (фея) шығады.)

Тәрбиеші: О Ханишайым, сенің мұнда болғаның қандай жақсы болды. Бізге не істеуге болады? Жалмауыз кемпір біздің барлық сыйлықтарымызды жасырып қойған.

Ханишайым: Мен сендерге көмектесемін. Бізге тездетіп ұйқы мен армандау еліне баруымыз керек. Менде сиқырлы таяқша бар. Қазір осы таяқшаның көмегімен сол елге аттанамыз. **(Ханишайым таяқшасын жалмауыз кемпірге қарай сілтейді)**

Жаңа жылдық музыка ойнайды. Сол уақытта Жалмауыз кемпір ұйқыға кетеді.

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар және қонақтар балаларымыздың келе жатқан Жаңа жылымызға арналған әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Жаңа жыл»

Тәрбиеші: Балалар Жалмауыз кемпір ұйқыға кетті, қандай түс көрер екен?

(Жалмауыз кемпірдің түс көруі музыка ойнайды)

Жалмауыз кемпір : **(есінен, керіліп сөйлейді)** Ой! Олар сыйлық салынған қапты ешқашан таба алмайды. Көктемге дейін күтетін болады. мен оны таба алмайтындай етіп орынды жерге жасырып қойдым. Қаптағы сыйлықтарды орманының үйшігінен алыс емес жердегі шыршаның астына жасырдым.

Тәрбиеші: А, солай ма, біз енді сыйлықтардың қайда екенін білдік. Аққала сен тез барып сыйлықтарды алып Аяз атаға бер.

Жалмауыз кемпір: Оййй мен не істедім **(басын ұстап отырады)**

Тәрбиеші: Балалар көңіл –күйімізді түсірмей сұлу да сүйкімді қыздарымыздың биін тамашалайық.

Би: «Испан биі»

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі біздің мерекемізге кімдер жетіспей тұр?

Балалар: Аяз ата мен Ақшақар

Тәрбиеші: Ендеше балалар Аяз ата мен Ақшақарды ортаға шақырайық.

Балалар: Аяз ата, Ақшақар, : Аяз ата, Ақшақар, : Аяз ата, Ақшақар....

(Аққала шана сүйреп, сыйлықтарды алып бірге кіреді)

Аяз ата: Уа. Жұртым жиналған

Көңілдерің дүр маржан

Айналайын ұлдардан

Айналайын қыздардан

Аяз ата, Ақшақар

Жетті жолдан қиналған

Ештеңе емес барлығы

Алдымыздан күлді арман

Мықтылығым мәлім ғой

Өтіп кеткен жылдардан

Ақшақар:

Сәлеметсіңдер ме балалар! Жаңа жылдарың құтты болсын!

Сүйсіндірер маңайды,

Ақшақармын арайлы,

Жалт-жұлт еткен жүзімнен,

Күміс сәуле тарайды.

Ақшақармын аппақпын,

Қалай тыныш жатпақпын. Орманды аралай жеттік –ау сендерге.Қандай әдемісіңдер, неткен сұлу шырша.

Аяз ата: *Өздеріңді сағынып келдік. Жаңа жылдарың құтты болсын. Жаңа жыл береке, бірлік әкелсін.Барлығымыз үшін бақытты да қуанышты кезең болсын. Мен сіздерде бір жыл бұрын болғанмын, биыл сендерді қайта көргеніме қуаныштымын. Өскенсіңдер, үлкен азамат болғансыңдар. Ал, мені сендер таныдыңдар ма?*

Балалар: Иә

Аяз ата: *Ал мынау кім сендердің орталарыңда жүрген?*

(Жалмауыз кемпір Аяз атаның аяғына жығылып кешірім сұрайды)

Жалмауыз кемпір: *Кешіріңдер мені, Аяз ата, балалар!!!Мен енді балалардың сыйлықтарын ұрламаймын.Келесіде тек мейірімді, сыпайы боламын деп уәде беремін.*

Аяз ата:

Сиқырлы таяғым, бір екі үш.

Сиқырлы күшті біз көрейік

Жамандықтың бәрі кетіп

Жақсылыққа бөленейік.

Ақшақар: *Аяз ата бүгін біздің шыршамыз көңілсіз болып тұр. Шыршамыз жарқырамай тұр.*

Аяз ата: *Қане балалар шыршамызды жарқыратайық.*

Ақшақар:

Таңырқат, таңырқат,

Шырша шамын жарқырат! (балалар бірге қайталайды 3-рет)

Тәрбиеші: *Жарайсыңдар балалар, шыршамыздың шамы жанды. Ендеше осы шыршамызға арнап тақпақтар айтып берейік.*

Қуаныш: *Жаңа жылым мол болсын, басқан қадам оң болсын.*

Төрле-төрле жаңа жыл, бізге құтты жыл болсын.

Бақдәулет: *Көрдің бе Аяз атаны, аппақ екен сақалы,*

Аппақ екен мұртыда, аппақ екен шапаны.

Нұргиса: *Орманның бар аңдары, бүгін бізде қонақта,*

Балалармен би билеп, қуанады шаттана.

Алихан: *Жаңа жылда бақшамыз, гүлдей болып жайнасын,*

Аман болсын барлық бала, шат-шадыман ойнасын.

Жомарт: *Ән айтамыз, би билейміз, біз көңілді баламыз.*

Шаршауды біз білмейміз, тақпақ айтып, би билеп.

Әли: *Тілеймін мен бар әлемге, дос көп болсын жанашыр,*

Ата-әже, ата-әже, құтты болсын жаңа жыл.

Айлин: *Жапалақтап ақша қар, жауды күнде қайталап,*

Қырға шықты балалар, шаңғыларын арқалап.

Жүргізуші: *Ал енді Аяз ата мен Ақшақар сіздерге арнап біздің балалар би билеп береді.*

Би: *«Жаңа жылдық ертегі»*

Тәрбиеші: *Жарайсыңдар, балалар ал енді орнымыздан тұрып ән айтамыз.*

Ән: *«Аппақ қар»*

Жүргізуші: *Ендігі кезекте балаларымыздың тақпақтарын тыңдай отырыңыздар.*

Самал:

Ақ таяғын таяныып, таңмен бірге оянып,

Аяз ата келіп тұр, ақ ұлпаға оранып.

Айдос:

Қайда қызық болса думан, аяз ата сонда болды,

Балалармен бірге ойнап, балалармен бірге қонды.

Айкөркем:

Бізбен бірге ойнайды, жаңа жылды тойлайды.

Барлық бала бақытты, болса екен деп ойлайды.

Мариям:

Жаңа жыл, жаңа жыл, төгілсін жаңа нұр.

Сыйлығын сүйретіп, келді міне жааңа жыл.

Б.Асылым:

Көңілдіміз біз бүгін, жаңа жылды қарсы алып,

Мерекеге келгендерді, құттықтаймыз ән салып.

Алинұр:

Аяз ата тыңдаңыз, тақпақ айтып берейік.

Ортамызда шыршамыз, ойнап бірге күлейік.

Е.Асылым:

Кел балалар тақпақты, тақылдатып айтайық,

Аяз ата таң қалсын, Сыйлық алыып қайтайық.

Тәрбиеші: Балаларымыздың Жаңа жылға арналған **Флешмоб** биін тамашалаңыздар

Тәрбиеші: Аяз ата сіздер біздің балаларымызға сыйлықты қашан бересіздер?

Аяз ата: Ой-буй ұмытшақ басым ай,әрине қазір,қазір.....

Жарайсыңдар балалар мені алыс жолдан келгенде бір қуантып тастадыңдар, көңілімді көтердіңдер. Үлкен азамат болып өсіңдер, менің сыйлығыма риза болыңдар.Қош болыңдар балалар!

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар, ата-аналар бүгінгі біздің «Ғажайып жаңа жыл» атты ертеңгілігіміз осымен аяқталды.Жаңа жыл отбасыларыңызға тек бақыт пен қуаныш әкелсін!!!

